По его словам, основу социально-экономического развития района составляет агропромышленная отрасль и чтобы сделать ее конкурентоспособной, проводится большая работа. Так, в 2024 году объем произведенной продукции в данной сфере составил 63 млрд 116 млн тенге. Посевные площади сельскохозяйственных культур доведены до 82257 га, получено 198417 тонн продукции. Увеличено поголовье скота, на сегодня это 33886 лошадей, 72318 голов КРС и 178733 овец, соответственно, больше получено мяса, молока и яиц. Приобретена 81 единица сельскохозяйственной техники на сумму более 1 млрд тенге.

В государственную собственность возвращено 43,7 тыс. га неиспользованных земель: 43,5 – пастбища, 210 га – неорошаемые. В повторный оборот выдано 2302 га земли. В начале этого года проведен конкурс на 130 га в селе Көлбай.

Активно привлекаются в сельское хозяйство инвестиции: реализовано 4 проекта на сумму более 2 млрд тенге, создано 44 рабочих места Это: ТОО «Тау самал» - разведение крупного рогатого скота, ТОО «Архарлы Майбүйрек» - технология капельного орошения, КХ «Дәурен» - зерносушильное оборудование. К слову, в экономику района также привлечено инвестиций на сумму более 143 млрд тенге, что на 49,2 млрд больше по сравнению с 2023 годом. Завершено строительство республиканской автотрассы Талдыкорган – Ушарал, строится железнодорожная линия Достык – Мойынты (130 км на территории района), ведется розничный товарооборот.

Объем произведенной продукции в промышленности превысил 14 млрд тенге, что по сравнению с 2023 годом на 3,3 млрд тенге больше. Кроме этого, увеличены объемы строительства, централизованным водоснабжением обеспечено 92,8% населенных пунктов, качество дорог достигло 65%. Положительная динамика наблюдается и в социальной сфере района.

Особое место в районе занимает сфера туризма, и большая часть вопросов журналистов было адресовано именно ей. Как отметил Алмас Абдинов, в 2024 году озеро Алаколь привлекло 1 млн 725 тыс. туристов, на побережье работали 318 зон отдыха, оказано услуг на сумму 10 млрд 75 млн тенге. Решены вопросы с питьевой водой и электроснабжением. Сегодня проводятся работы по строительству воздушных линий высокого напряжения 110 кВт между селами Бесколь – Акши, они будут сданы в эксплуатацию в мае-июне текущего года. Рассматривается вопрос о введении транспортной полиции, которая будет следить за работой водного транспорта строго в отведенных им местах.

*«Одной из больших проблем на побережье Алаколя является соблюдение чистоты и санитарных норм. Работаем над установлением 25 санитарных постов. Сейчас жители близлежащих сел, через конкурс, сами следят за чистотой на берегу озера. Нами в большом количестве установлены урны и специальные бочки для мусора, но и это не спасает, почему-то люди не могут донести мусор до них. Да и пансионаты проявляют свою недобросовестность, вынося собственные отходы на общественную территорию. Нельзя забывать, чистота начинается с личной культуры, и если мы ее установим, то это и будет нашим большим достижением»*, - завершил аким Алакольского района Алмас Абдинов.

МАЛЫЙ БИЗНЕС

# КОРПУСНАЯ МЕБЕЛЬ ОТ «BIDStyle»

**Технология производства корпусной мебели насчитывает долгие годы истории. Впервые интерьерные объекты данного типа появились на западе, а позже перекочевали в Европу. Сейчас корпусная мебель - это наиболее распространенный и доступный вид интерьерных изделий.**



*«Корпусная мебель - это изделия с жестким корпусом, каркасом. Каркасная коробка составляется из горизонтальных и вертикальных элементов. К основе крепятся задние стенки, дверцы, декоративные элементы, фурнитура, что вносит в интерьер максимум функциональности»*, - рассказывает руководитель ИП «BIDStyle» Николай Спиридонов.

ИП «BIDStyle» занимается производством корпусной мебели в городе Талдыкоргане более 15 лет. Есть свой офис и цех, где имеются все станки для производства мебели. В работе используется отечественное сырье, а также завозимое из России, Австрии и Германии. Рабочими местами обеспечены 8 человек.

*«Нашу мебель можно использовать где угодно. Это может быть городская квартира, загородный дом, офис или торговая площадка. В модельной линейке представлен огромный ассортимент модификаций. Это мебельные стенки и кухонные гарнитуры, различающиеся по размерам, габаритам и конфигурации*, - говорит Николай Викторович. – *На изготовление мебели, в зависимости от ее размера, уходит от недели до месяца. Нашими клиентами являются жители нашего региона и Алматинской области. Если необходимо, мы выезжаем на место и самостоятельно делаем замеры, учитываем все пожелания заказчика»*.

С целью улучшения оборудования и качества мебели предприниматель в прошлом году получил кредит в АО «First HeartlandJusan Bank», где в рамках Единой комплексной программы была снижена процентная ставка до 8%, а также предоставлена гарантия Фонда «Даму».

Как отметил Николай Спиридонов, простоя у них не бывает, заказы поступают, что говорит о качестве их товара. А когда есть заказы, то есть и постоянная надежная работа.

ПРАВОПОРЯДОК

# «ГЛАВНЫЕ УЧИТЕЛЯ ДЛЯ РЕБЕНКА – РОДИТЕЛИ»

**В Талдыкоргане с участием представителей прокуратуры области при инициативе управления образования прошло родительское собрание на тему «Главные учителя для ребенка – родители», в котором приняли участие около 300 человек.**




В ходе встречи подняты вопросы касательно уголовных правонарушений, совершаемых среди несовершеннолетних и в отношении них, суицидальных ситуаций и насилия среди подростков.

Отмечено, что областной оперативной группой проводится анализ по данным правонарушениям и оказывается методическая помощь. Все школы работают в соответствии с единым воспитательным планом, утвержденным управления образования, и комплексными планами, направленными на предупреждение и профилактику правонарушений среди подростков, буллинга, наркомании, насилия, половой неприкосновенности, суицида.

Дети, совершившие правонарушения, взяты на внутришкольный профилактический учет. Для них назначены наставники, которыми ведется наблюдение и заполнение ежедневных контрольных дневников.

В 30 школах города Талдыкоргана утверждена 31 штатная единица ментора. Данными специалистами совместно с заместителями директоров по воспитательной работе проведено 86 мероприятий по профилактике подростковых правонарушений. А сотрудниками городского управления полиции совместно со школами организовано 36 рейдов «Дети в ночном городе» и «Подросток».

Вместе с этим во всех общеобразовательных учреждениях установлены «Ящики доверия», стенды с QR-кодами и данными участковых инспекторов.

Несмотря на все эти предпринимаемые меры, по словам представителей надзорной власти, правонарушения среди несовершеннолетних все еще имеют место. Основная причина в том, что родители халатно относятся к воспитанию детей, не уделяют им должного внимания и не чувствуют ответственности за своего ребенка. Поэтому родителям рекомендовано стать более ответственными и уделять постоянное внимание и должное время своим детям.

**Материалы подготовила Алма УРАЗАЕВА**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЛІК

# ҚАРАЖАТ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА БАҒЫТТАЛАДЫ

**Жетісу облысында облыстық мәслихат депутаттарының кезектен тыс XXV сессиясы өтіп, онда 2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджетті нақтылау және «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында өңірдегі экологиялық мәдениетті дамыту жөніндегі жұмыс жоспарына қатысты бірқатар мәселелер қаралды.**



Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – 2025-2027 жылдарға арналған облыс бюджетін нақтылау бойынша облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов баяндама жасады.

Аталып өткендей, 2024 жылдың қорытындысы бойынша қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтарын өңір халқының өмір сүру сапасын жақсарту үшін басым әлеуметтік жобаларға бағыттау туралы шешім қабылданды. Олардың ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалға берілетін тұрғын үй сатып алу, тұрғын үй құрылысы, инженерлік-коммуникациялық желілер, жолдарды жөндеу, бұл ретте облыс әкімінің тапсырмасы бойынша облыс орталығын дамыту мен абаттандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қабылданатын шаралар бірінші кезекте инфрақұрылымды жаңғыртуға және жайлы қалалық орта құруға бағытталатын болады.

Облыс орталығын дамыту жоспарлары туралы толығырақ қала әкімі Ернат Бәзіл баяндады. Оның айтуынша, жаңа шағын аудандарда тұрғын үй салу, жолдарды жөндеу, жылу желілерін қайта жөндеу және жаңа әлеуметтік нысандардың құрылысы жалғасады. Қаланың ескі шағын аудандарының архитектуралық келбетін жаңартуға, үйлердің шатыры мен қасбетін қайта жаңартудан бастап, аула аумақтарына дейін назар аударылатын болады. Оның үстіне Талдықорғанды жаңа саябақтар мен скверлер көріктендіріп, арық желілері де жөнделеді.

Сессияны қорытындылай келе, облыс әкімі Бейбіт Исабаев 2024 жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштеріне қысқаша тоқталып, 2025 жылға арналған жоспарларымен бөлісті, сондай-ақ Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді тиімді іске асыру жаңа жұмыс орындарын құруға, жалпы экономикалық дамуды жақсартуға мүмкіндік беретінін, бұл кешенді түрде халықтың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Айта кетерлік жайт, депутаттар нақтылаушы сұрақтар қойып және өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар енгізе отырып, облыстың басты қаржылық құжатына енгізілген өзгерістерді қолдады.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ

**Бүгінгі таңда аймақты газдандыру деңгейі 56,5% құрайды. 63 елді мекен газдандырылды (оның ішінде 30 елді мекен 2024 жылы газдандырылған), 392,6 мың адам (98,9 мың абонент) газға қол жеткізді.**

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында (126 н/п) 2025 жылы тағы 63 елді мекенді газдандыру қажет.

Ағымдағы жылы 45 жобаны іске асыруға бюджеттен 5,9 млрд.теңге (ҰҚ – дан – 2,05 млрд. теңге, ЖБ-дан-3,9 млрд. теңге) бөлінді. Оның ішінде, өткен жылдан ауысатын 21 жоба (өткен жылы 6,9 млрд. теңге игерілді, 2025 жылға 2,4 млрд. теңге қоса қаржыландыру бөлінді). Барлық нысандар бойынша жұмыстар аяқталу сатысында (Қоғалы ауылын қоспағанда, 80 км жеткізуші БП - дан 25 км немесе 31% салынды).

Талдықорған қаласын газға қосу жұмыстары 2016 жылдан бері басталды. Қала бойынша газ құбырының жалпы ұзындығы – 1 291 шақырымды құрайды.

Қаланы газбен қамту деңгейі – 90,3%-ды құрап отыр. Яғни 36 мың абонент газбен қамтылған.

2022 жылы 2100-ге жуық абонент газға қосылған болатын.

- Пригородное ауылы
- 3-Бөлімше
- Ынтымақ ауылы
- Экспедиция ауданы

2023 жылы 5500-ге жуық тұрғын табиғи газ желісіне қосылды.

- «Үйтас» саяжай қоғамы
- «Жастар-2»
- «Ынтымақ» елді мекені

2024 жылы газға қолжетімділікке 830 үй ие болды. 22А іске қосу кешені, 630 газ жәшігі орнатылды. Сонымен қатар, Мойнақ ауылын газға қосу жұмыстары аяқталды.

Бізде газ желісіне қосылмаған 7 саяжай қоғамы және 1 елді мекен бар. Бүгінгі күні жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Атап айтқанда, Қаратал, Қызылтас, Мерекелік, Балықты, Сарыбұлақ, Алмалы, Ащыбұлақ саяжайлары және 1-бөлімше тұрғын үй алабы.



# БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ

**1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толады. Еліміздегі этносаралық келісім мен татулықты сақтау мен нығайту үшін құрылған ұйымның мерейтойына арналған ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізілмек. Бұл жөнінде «Қоғамдық келісім» КММ-нің директоры Еркебұлан Ақболатов өңірлік коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихатында хабарлады.**



Мерейтойлық жылды мерекелеу ағымдағы жылдың 1 наурызында, яғни, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні және Алғыс айту күнімен басталады. Негізгі шаралар қатарында «Алғыс айту» күні, ҚХА өңірлік және республикалық сессиясы, Бірлік күніне орай «Достық дәмі» мерекелік шарасы, «Бірлік Fest» фестивалі, «Бірлік жүгірісі» марафоны, Студенттік Ассамблеялардың республикалық форумы, Ассамблея жастарының республикалық сессиясы мен слеті, «Ұлттық домбыра» күніне орай «Алтын домбыра» шарасы, «30 игі іс» қайырымдылық акциясы және этномәдени бірлестіктердің мәдениет күндері және т.б. ауқымды шаралар қамтылған.

Сондай-ақ, елдегі қоғамдық келісім мен ұлтаралық бірліктің маңыздылығын көрсетуді мақсат ететін, Жетісу облысының тұрақтылығы мен бірегей этномәдени үлгісін насихаттауға бағытталған көркем фильмнің тұсаукесері өтпек. ҚХА-ның тарихы, оның құрылуы, қызметі, жетістіктері мен қоғамдағы рөлі туралы мәліметтер қамтылған кітап жарыққа шығады.

Спикер *«Бұл мерейтой – еліміздің бірлігі мен татулығының символы, сондай-ақ, көпұлтты Қазақстанның мәдени және әлеуметтік дамуының маңызды кезеңі. Ассамблея – бұл тек этносаралық қарым-қатынастарды үйлестіру ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғамды дамыту, мәдениет пен дәстүрді сақтау, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру сияқты көптеген маңызды бағыттарды қамтитын ұйым. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өңірде маңызды 69 іс-шара өткізуді жоспарлап отырмыз. Біз бұл іс-шаралар арқылы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін, оның еліміздегі этносаралық келісімді нығайтудағы маңыздылығын көрсетуді мақсат етіп отырмыз»*-деп атап өтті.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**




**Соңғы 25 жылда жанармай бағасы айтарлықтай өсті, бірақ бұл өсімнің қарқыны мен оның халықтың өміріне әсері экономиканың жағдайына тікелей байланысты. Қазақстанда бағаның өсуіне қарамастан, ЖІӨ-нің тұрақты өсуі жанармайдың қолжетімділігін сақтауға мүмкіндік беріп, елді аймақтағы көшбасшы ретінде танытып отыр.**









сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ АЯСЫНДА

# ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ, МАМАНДЫҚ – ӨМІРДІҢ ЖҮРЕГІ



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. «Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз» - деп адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек екенін баса айтты. Аталмыш тапсырманың іске асырылуына үлес қосу мақсатында облыстағы мәдениет саласының қызметкерлері еңбек адамдарының жетістіктерін дәріптеу, қоғамдағы рөлін көтеру, жастарды кәсіби бағыттауға шақыру мақсатында олардың еңбегі мен өмірлік жолын әдеби және өнер туындылары арқылы насихаттау, театрландырылған қойылымдар, деректі фильмдер, ән кештері арқылы қолдау көрсетіп ынталандыру және шабыт беруді көздеп отыр. Осы орайда «Еңбек – елдің тірегі, мамандық – өмірдің жүрегі!» атты керуен жыл бойы облысымыздың барлық ауданын қамтымақ.**

Керуен аясында Жетісу облысы музейлері ұйымдастыратын «Еңбек даңқы», «Еңбекпен өрілген өмір», «Қолөнерден – өнеркәсіпке» сынды көрмелер, еңбек адамдары туралы кітап көрмелері, Д.Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармониясының жұмысшы мамандықтарына арналған «Еңбек әні мәңгілік», «Еңбек адамдары жыры» концерттері, «Адал еңбек – асыл мұрат», «Беу, қыздар-ай» қойылымдары, «Шебердің қолы алтын», «Өз қолыңмен жаса» ағаш, металл, саз, тоқу сияқты дәстүрлі және заманауи бағыттағы жергілікті шеберлерді қатыстыра отырып, жастарға шеберлік сабақтары көрсетілмек. Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов: *«Ертеректе еңбек ұжымдарының белсенділігін арттыру үшін үкімет тарапынан сабан тойлар мен жәрмеңкелер ұйымдастырып, ән шырқалып, ұлттық ойындармен жалғасын тауып отырған. Бұл жұмысшылардың еңбегін құрметтеу мақсатындағы жыл сайын өтіп отыратын дәстүрге айналған. Мұндай іс-шаралар ұжымдық рухты нығайтып, еңбек мәдениетін насихаттау алаңына айналдырған. Жәрмеңкелерде жұмысшылардың қол жеткізген жетістіктері көрсетіліп, үздік мамандар марапатталған. Ұсынылып отырған жоба осы дәстүрді қайта жаңғырту болып табылады. Бұл бағытта мәдениет саласы да жұмысшыларды қолдау мен ынталандыруда өз үлесін қосуды қолға алды. Халықтың демалысын қызықты әрі мазмұнды етуге атсалысу жоспарланып отыр. Бұл шаралар жұмысшылардың рухани дамуын қамтамасыз етіп, олардың еңбекке деген ынтасын арттыратыны анық»*-деді.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

# ШЕКАРАНЫҢ АҚ ХАЛАТТЫ САҚШЫСЫ



**ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының медициналық қамтамасыз ету бөлімінің фельдшері, прапорщик Венера Ибрагимова – өмірін әскери медицина мен шекарашылардың денсаулығын сақтауға арнап келеді.**

Венера Тахиржанқызы Алматы қаласындағы республикалық медициналық колледжінің фельдшер мамандығын 1998 жылы тәмамдаған. Сол жылы жазда Шекара қызметінің 2091 әскери бөлімінің медициналық қамтамасыз ету бөлімшесіне орналасты. Осы кезден бастап, өзінің білімі мен еңбегін шекарашылардың денсаулығына арнап келеді.

Ақ халатты абзал жанның әскери қызметтегі қажырлы еңбегі оның жоғары кәсібилігін дәлелдейді. Қызмет барысында тек медициналық көмек көрсетумен ғана шектелмей, ұдайы өз білімін жетілдіреді. Түрлі жағдайларда шұғыл әрекет етеді. Оның батылдығы, шешім қабылдаудағы нақтылығы және жұмысқа деген жауапкершілігі – көптеген шекарашының денсаулығын аман сақтап қалуға сеп болды. Адал да қасиетті қызметі үшін бірнеше мәрте Шекара қызметінің басшысы мен Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтарымен марапатталды. Әсіресе, «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері» медалі оның адал еңбегіне берілген жоғары дәрежедегі марапат.

Венера Ибрагимованың өмірі мен қызметі – адамгершілік, кәсібилік және отансүйгіштік қағидаларының айқын көрінісі. 2024 жылдың нәтижесінде Жетісу облысы бойынша департаментінің «Үздік медицина қызметкері» номинациясын иеленуі – адал еңбегінің кезекті дәлелі.

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі**
**Жетісу облысы бойынша департаменті**

# КӘСІБИЛІККЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ



**Жұмысшы мамандықтары адамзат өркениетінің дамуында үлкен рөл атқарады. Қай дәуірде болмасын жұмысшылар еңбегі қоғамның дамуына айтарлықтай үлес қосып келеді. Қазіргі таңда цифрландыру дәуіріне аяқ бастық. «Еңбек- елдің тірегі, мамандық – өмірдің жүрегі» деп аталатын мәдениет саласының қызметкерлерімен бірлескен жоба жаңашылдық енгізу емес, көне дәстүрді қайта жаңғырту болып табылады.**

Журналистер үйінде өткен баспасөз жиынында «Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ, «Жетісу облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы» КММ «Талдықорған қаласының мансап орталығы» филиалының директоры Азамат Балтабеков халықты жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тоқталды.

*– Мемлекет басшысы адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек деп мәлімдеді. «Бұл біз ұсынып отырған "Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс" қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз»* - деп атап көрсетті.

«Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба» аясында жұмыссыз адамдар жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен қамтылған. Жұмыссыз азаматтарды тұрақты және уақытша жұмыспен қамтуда жаңадан құрылған жұмыс беруші мекемелермен бірлескен іс қолға алынды. Мәселен, 9 жоба бойынша 288 адам жұмысқа орналасты.

Жетісу облысының жұмыспен қамту органдарына 35 жасқа дейінгі жастар арасынан 11 546 адам жүгінді. 4 223 адам жұмысқа орналасса, оның ішінде 4081-і тұрақты жұмыс тапты.

Қоғамдық жұмыстарға 35 жасқа дейінгі жастар арасынан 1096 адам, жастар практикасына – 418 түлек, алғашқы жұмыс орнына - 121 адам, ұрпақтар келісімшарты бойынша - 4 адам, ЭЕБ онлайн оқудан өткендер - 327, «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға - 240 адам жіберілді. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Жыл басынан жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 5959 адам қамтылды ( мәселен,тұрақты жұмыс бос жұмыс орындарына – 2311, тұрақты жұмыс 10 мың тұрғынға 100 жұмыс орны арқылы 2073, тұрақты жұмыс тұжырымдамалар аясында 176 адам, уақытша жұмысқа, қоғамдық жұмыс – 1096, жастар тәжірибесі – 418, әлеуметтік жұмыс орны – 56, алғашқы жұмыс орны – 121, ұрпақтар келісімшарты – 4, күміс жас – 281, кәсіби оқу – 240).

2024 жылы қала бойынша «Қоғамдық жұмыс орындарына» 900 адамды қабылдау жоспарланған болатын. 1096 адам жұмысқа тіркелді,оның ішінде 322 адам жұмыстан шығып, 650 адам өз жұмыстарын жалғастыруда.

Жұмысқа орналасқан адамдардың электронды еңбек шарттары толық тіркелді. Сонымен қатар жыл басынан ауқымды 6 бос жұмыс орны жәрмеңкесі оффлайн форматта және enbek.kz порталында онлайн форматта өткізілді.

«Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін гранттар» 2024 жылғы жоспар бойынша 30 грант белгіленсе, бұл екі лекте бөлінді. Сондай-ақ, кәсіптік оқу бойынша автоэлектрик, тігінші, есепші, тырнақ шебері, шаштараз, электрик мамандықтары бойынша білім алды.

«Пробацияда есепте тұрғандар адамдар» жобасы бойынша 29 адамды жұмыспен қамтылды. 5-еуі жеке кәсіптерін ашуға мүмкіндік алды.

**Данагүл МӘКЕН**

## ЖОБА

**Талдықорған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы «Талдықорған қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» №18-107 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талдықорған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы «Талдықорған қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» №18-107 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №195151 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Талдықорған қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе «электрондық үкімет» веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды.»

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы** **Т. Ахажан**

## ПРОЕКТ

**О внесении изменения в решение Талдыкорганского городского маслихата от 28 марта 2024 года №18-107 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в городе Талдыкорган»**

Талдыкорганский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение Талдыкорганского городского маслихата от 28 марта 2024 года №18-107 «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в городе Талдыкорган» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №195151) следующее изменение:

в Размере и порядке оказания жилищной помощи в городе Талдыкорган, утвержденных указанным решением:

пункт 8 изложить в следующей редакции:

«8. Срок рассмотрения документов и принятия решения о предоставлении жилищной помощи либо мотивированный ответ об отказе со дня принятия полного комплекта документов от Государственной корпорации, либо через веб-портал «электронного правительства» составляет 6 (шесть) рабочих дней.».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель Талдыкорганского городского маслихата** **Т. Ахажан**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

## ТАҒЗЫМ

# «ЕРЛІК СЫНЫБЫ» АШЫЛДЫ

**Қазіргі таңда патриотизм тақырыбы, оның ішінде қазақстандық патриотизм мәселесі барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналуда.**




Патриоттық рухтың, азаматтық борыштың өтелер өлшемі – Отан екені сөзсіз. Халық батыры Бауыржан Момышұлы: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық» деген екен.

Қаламызда өткен жұма күні Шоқан Уәлиханов атындағы №10 орта мектеп-гимназиясында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан батыры, ІІІ- дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, қатардағы Аманов Айбат Ерболұлына арналған «Ерлік сыныбы» ашылды.

Салтанатты жиынға Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл, ҚР Ұлттық ұланы Оңтүстік өңірлік Қолбасшылығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары, полковник Ниязтай Әлкешев, батырдың анасы Гүлназ Әлкенқызы, бауыры мен әпкесі және әскери бөлім сарбаздары қатысты. Арнайы сыныптың ашылу құрметінде қала әкімі Е. Бәзіл өз тілегін білдірді. *«Отан отбасынан басталады. Айбат Ерболұлы өз азаматтық борышын қорғау жолында мерт болды. Жауынгердің бойындағы елжандылық, адамгершілік, ар-ождан мектеп, отбасы басынан басталады. Бүгінгі арнайы сыныптың ашылуы болашақ өрендерге үлгі болсын деген ниетте ашылып отыр. Мектеп қабырғасында білім алушылар - ертеңгі ел азаматтары. Болашақ тізгіні сендердің қолдарыңда, сондықтан оқуды жақсы оқып, ерлікті ұлықтап жүріңдер»,*- деді.

Полковник Н.Әлкешев болашақ қорғаушыларға «Жас бүркіт» сыныбының символикасы бейнеленген шеврондар мен Ұлттық ұланның формасын табыстады. Сарбаздың анасы Гүлназ Әлкенқызы өз сөзінде: *«Айбат әрқашан да ақжарқын, көңілді болып жүретін. Кішкене кезінен-ақ өзінің ерекшелігімен көзге түсетін, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін. Өте бауырмал еді, әрқашан ағасы мен қарындасын сыйлап, қастарында жүретін. Ер бала болғасын спортқа да қызығушылығы 8 жасынан бастау алды. Алдымен күреске барып жүріп, кейіннен өзіне жақын тартып былғары қолғап «бокс» үйірмесіне жазылды. Арада 8 жыл бойы айналысып ауыл, аудан, облыс, тіпті, республика көлемінің алтын жүлдегері атанды. «Генадий Головкин ГГ, Серік Сапиев СС, мен де Айбат Аманов АА-мын ғой, әлі-ақ әйгілі боламын, әке» деп құлшынып тұратын еді. Айбат Қарағанды қаласында туған. Колледжде білім алды. Азаматтық борышын өтеуге шақырылғанда қатты қуанды. Ер азамат ретінде Отан алдындағы міндетімді өтеуге тиіспін, ол менің парызым деп санады. Небәрі 18 жасында Қаңтар оқиғасы кезінде қапияда қаза тапты. Бүгінгі күннің батыры деп құрметтеп жатқандықтарыңызға шын жүректен алғыс айтамын. Баламның арманы көп еді. Ұлттық ұланның қатарында болды. Ол жоғары білім алуды да мақсат етті. Арманына жете алмады. Ел іргесі аман болсын. Тыныштық, ашық аспан болсын».*

Қабырғамызды қаусатқан «Қаралы қаңтар» ұзақ жылдар бойы есімізден кетпейтіні хақ. Еліміздің бірнеше облыстарында бір уақытта бейбіт шеру лаңкестік әрекетке айналып, зәулім ғимаратттар отқа оранып, қиратыла бастады. Заңсыз әрекетке жол бермеу, Тәуелсіздігімізді сақтап қалу жолында Ұлттық ұлан құрамалары «жоғарғы деңгейлі» дабылы бойынша жасақталып, лаңкестерді тоқтатуға алаңдарда тізілді. Әрбір ұландықтың ойында антымызға адал болып, заңсыздыққа жол бермеу. 5 күн, 5 түн бойы шерулер тоқтамады, қасақана әрекет жасаушылар құрықталды. Сол сұрапыл күндері антына адал болып, өзгенің жанын артық көрген Талдықорған қаласындағы Ұлттық ұланның 5514 әскери бөлімінің аға маманы (аға гранатометшісі), отбасының кенжесі, ауылының мақтанышы қатардағы Айбат Аманов лаңкестің қолынан қаза болады.

Мектеп директоры Айжан Жұмаділова «Ерлік сыныбында» патриоттық шаралар өтіп тұратындығын айтып өтті. Мектепке келген қонақтарға ыстық ықыласын жолдады. ҚР Ұлттық ұлан жеке құрамына қала әкімінің Алғыс хаты табысталды. 5514 әскери бөлімінің әскери қызметшісі, подполковник А. Мұқашев Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрығын жеткізіп, бірнеше адамға төсбелгі табыстады. Сарбаздың анасына естелік сыйлық берілді.

3-дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, қатардағы Айбат Амановқа арналған салтанатты шарада көркемөнерпаздар тобы және мектеп оқушылары қоян-қолтық ұрысы көрінісін көрсетті. Ал арнайы сыныпта сарбаздың өмірбаяндары, жеке суреттері мен қолданған заттары орын алды.

**Данагүл МӘКЕН**

## МЕНТОРЛЫҚ ЖОБА

# ЖЕТІСТІККЕ ЖОЛ: ҚАЛА ӘКІМІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

**Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл мен қалалық полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Ернар Ширбаев Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясының оқушыларымен еркін форматта кездесті. Оларға өздерінің өмірлік тәжірибесі мен жетістіктері туралы әңгімелеп, бала кездегі армандары, білім алу кезеңі және қызмет жолында кездескен түрлі кедергілерді қалай жеңгені туралы бөлісті.**



Ернат Дүйсенбекұлы оқушыларға білімнің маңыздылығын ерекше атап өтіп, еңбекқорлық пен табандылық, өмірге бейімділік әр адамның жетістікке жету жолындағы негізгі құрал екенін айтты. Сонымен қатар, ол өз мансабында кездескен қызықты әрі күрделі оқиғалармен бөлісіп, оқушыларға өмірде әрқашан мақсат қойып, сол мақсатқа ұмтылуға кеңес берді. «Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық жалпы өзгерістерді жастар саналы түрде білуі қажет. Осыған орай қоғам талабына сай жас ұрпақ қалыптастыруда бірқатар шаралар мен жобалар ұйымдастырылуда. Соның бірі - облыс басшысы Бейбіт Исабаевтың бастамасымен қолға алынған «Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор» жобасы. Жоба аясында бүгінде облыс бойынша 120, ал, қала бойынша 31 ментор жұмыс істеуде. Олар 9 бағытта сараланған тиімді әдіс-тәсілдермен мектеп оқушыларымен жұмыс жасап жатыр. Бұл жоба әлі де өз жемісін береді деп сенемін. Білікті де білімді, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өскен белсенді жастар қатары көбейе берсін»-деді. Кездесу соңында оқушылар қонақтарға көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, өз ойларымен бөлісті. Мектеп ұжымы аталмыш кездесу жас ұрпаққа үлкен серпін беріп, олардың болашаққа деген сенімдерін арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

## ТІЛ-ТҰҒЫР

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА МЫҢ АЛҒЫС!

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі «Отан сақшысы – Часовой Родины» газетінің Жетісу облысы бойынша тілшісі, подполковник Манарбек Қарекеновке филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қоғам қайраткері, «Парасат» орденінің және «Тіл жанашыры» құрмет белгісінің иегері Асылы Осман сұхбат берді.**

Сұхбат барысында Асылы Әлиқызы мемлекеттік тілге қатысты бірнеше түйткілді сұрақтарға жауап берді. Қазақ тілінің мерейін өсіруге қатысты ойларымен бөлісті.

Қазақ еліне деген өзінің ризашылығын жеткізді:



*– Қазақ – бұлттан төмен болғанымен, мен үшін бәрінен жоғары тұрады. Қазақ тумысынан таза, қараңғылықтан ада, қиянаттан шет, жеті атасын жетік білетін, қаны да, жаны да таза ерекше жаратылыстағы халық. Ешкімді бөлмейді, жармайды, жатсынбайды. Баршаның баласын бауырына басқан, осыншама ұлттың өкілін мына байтақ даласына сиғызған қазақтың кеңдігі - қазақ ұлтының ешкімді бөлмейтіндігі, жармайтындығы ғана. Әйтпесе, біздерді алып келгенде, әй, бұл дос па, дұшпан ба қандай адам, қандай жан деген жоқ. Адам баласы ретінде, бәрімізді бауырына басты. Боранда пана, шөлде сая болды. Ендігі кезекте, мен қазақ халқының маған жасаған сол мейірім, қайырымын ешуақытта ұмытпаймын,* – деп өз сөзін аяқтады Асылы Осман.

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті**

## БӘРЕКЕЛДІ!

# 300 ОРЫНДЫ «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ЛИЦЕЙІ САЛЫНАДЫ

**Облыс орталығы Талдықорған қаласы білім беру саласында үлкен жетістіктерге жетіп келеді. Осыған байланысты қаламызда жыл санап мектептер саны артып, білімді жастардың кедергісіз білім алуына барлық жағдайлар жасалынуда.**



Биылғы жылы талды қаламызда өткен ғасырдың 70-жылдары салынып, бүгінде сын көтермейтін жағдайға жеткен «Білім-инновация» лицейі үшін 300 орынды заманауи үлгідегі жаңа білім ордасы салынады. Бұл жаратылыстану бағыты бойынша білім алып жатқан дарынды оқушылардың дамуына тың серпін бермек.

Қаламызда 30 орта мектеп жұмыс істейді, онда 36 мыңға жуық оқушы білім алуда. 2024 жылы Ынтымақ ауылында заман талабына сай жабдықталған 1200 орынды мектеп қолданысқа беріліп, қалаға қатынап оқитын оқушылардың мәселесі өз шешімін тапты.

Бұдан бөлек, жаңа мектептер салу жобалары да қолға алынған. «Оңтүстік-Батыс» тұрғын ауданындағы «Құлагер» шағын ауданында 1200 орынды мектептің жобасы әзірленуде. Сондай-ақ, «Батыс» тұрғын ауданында демеушілер есебінен 1200 орынды мектептің құрылысы басталуы күтілуде.

Бұл жобалар Талдықорған қаласының білім инфрақұрылымын жаңартып, оқушыларға заманауи білім алу мүмкіндігін ұсынады. Қала тұрғындары мен оқушыларға арналған жаңа мектептер қала дамуына үлес қосып, білім беру сапасын арттыруға септігін тигізбек.

Айта кетейік, өткен жылы қала бойынша 1327 оқушы мектеп бітірсе, оның 46-сы «Алтын белгі» иегері атанса, ал 79-ы «Үздік аттестатпен» бітірді.

**Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

## ТАҒАЙЫНДАУ



**Талдықорған қаласы әкімінің өкімімен САҒЫМБЕКОВ Ілияс Бижанұлы Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы болып тағайындалды.**

Ілияс Бижанұлы 06 шілде 1990 жылы бұрынғы Алматы облысы, Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін «Туризм және Құқықтану» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2010 жылы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Республикалық ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы облыстық филиалының мәліметтер база әкімшісі болып бастаған.

2015-2023 жылдары Талдықорған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы, 2023 жылдан бүгінгі күнге дейін Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі қызметтерін атқарған.

2025 жылдың 20 қаңтарынан Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

## ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Жеңіс АНДАБЕКОВ, қала әкімінің орынбасары:**
*– Жалпы, қаламыз бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу кезегінде 15 мыңнан астам азамат тұр. Осы азаматтарымызға былтыр 1200-ден аса қолжетімді баспана ел игілігіне берілсе, биыл бұл көрсеткішті 1400 баспанадан асыру жоспарлануда.*

**Азаматтарымызды қолжетімді баспанамен қамту екі жолмен жүзеге асырылады:**

1. Жекешелендіру құқығы бар жалдамалы баспана.
2. «Отбасы банк» арқылы жеңілдетілген несиелік баспана.

Сонымен қатар, қала жастарын, яғни 21 бен 35 жас аралығындағы азаматтарды қолжетімді баспанамен қамту үшін «Жетісу жастары» бағдарламасы «Отбасы банк» арқылы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламаға қала жастары белсенді түрде қатысуда.

«Береке» коттедж қалашығында орналасқан үйлерге былтыр жөндеу жұмыстары аяқталып, 97 көпбалалы отбасыға берілді. Биыл қосымша 107 коттеджің құрылысын аяқтап, көпбалалы отбасыларға тапсыру жоспарлануда. Сонымен қатар, «Жастар-3» тұрғын үй алабында 56 баспананың құрылысы аяқталып, 2025 жылдың 1-ші тоқсанында әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарға беріледі деп күтілуде. Жыл соңына дейін қосымша 150 баспананың құрылысын аяқтау міндеті де алға қойылған.

**Құрметті талдықорғандықтар!**

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспаналарды кезекте тұрған азаматтарға беру ашық және жария түрде өтеді. Талдықорған қаласы әкімдігінің тұрғын үй комиссиясының отырыстары әрдайым жүйелі түрде Талдықорған қаласы әкімдігінің ресми парақшасында онлайн түрде жарияланады. Барлық шешімдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында қабылдануда.

Қала тұрғындарын жайлы және қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету – қала әкімдігінің басты назарында!

## ЖАҢА САЯБАҚ ПЕН СКВЕР – ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІНЕ

**Облыс орталығы Талдықорған қаласы жыл санап кең етек жайып, халық саны да артып келеді. Осыған орай, тың жобалар қолға алынып, тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар жасалуда.**

Әсем қаламыз Талдықорғанда соңғы он жыл көлемінде іргетасы қаланып, бой түзеп жатқан жаңа шағын аудандар көбеюде. Бүгінде жаңа аудандарға әлеуметтік маңызы бар нысандар салынып, жол инфрақұрылымы, инженерлік желілер ретке келтіріліп, қазіргі таңда абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жоспарлы түрде жалғасуда.

Бүгінгі күні еңсесін енді түзеген жаңа ауданның бірі – «Оңтүстік-Батыс» ауданы, мұнда 15 мыңнан аса халық тұрады. Аталмыш ауданда бірнеше шағын ауданның тұрғындары үшін демалыс орындары тапшы болып келген болатын. Енді аймаққа ауданы 1,2 гектарды құрайтын заман талабына сай жабдықталған саябақ салынбақ. Бұдан бөлек, «Бірлік» шағын ауданында жаңа сквер салу жұмыстары басталмақ. Демалыс аймағында ойын баласынан бастап, егде жастағы азаматтарымыз үшін барлық жағдайлар қарастырылуда. Атап айтқанда, балалар ойын алаңы, стрит воркаут кешені, футболға арналған стадион және түрлі кескінде жасалған демалыс орындары да бой көтереді.



Сонымен қатар, қала халқының басым бөлігі демалатын орталық және «Жастар» саябақтарының ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарлануда.

Айта кетейік, бүгінгі күні қаламызда жалпы 5 саябақ пен 40 сквер қала халқы мен қонақтары үшін жұмыс істеп тұр.

## 100 ШАҚЫРЫМНАН АСА ЖАРЫҚ ЖЕЛІЛЕРІ ТАРТЫЛАДЫ

**Талдықорған қаласында жалпы ұзындығы 498 шақырымды құрайтын түнгі жарық желілері тартылған. Бүгінде 640 көшенің 420 көшесі жарықтандырылған.**

Қаланы толық түнгі жарық шамдарымен қамту жұмыстары әлі де жалғасуда. Қазіргі таңда, қала орталығынан бөлек, қаланың тысқары аудандары және саяжайлар мен жаңа бой түзеп жатқан шағын аудандарға түнгі жарық шамдар орнату жұмыстары жүргізілуде.

Биылғы жылы 5 жобаға қаражат бөлініп, жалпы ұзындығы 111,3 шақырымды құрайтын 213 учаскеге жарық диодты шамдар орнатылады. Осылайша қаланың «Хутор», «Батыс», «Шығыс» тұрғын үй аудандарымен қатар, 10 саяжай орталықтандырылған түнгі жарық жүйесіне қосылмақ. Атап айтқанда, Қаратал, Мерекелік, Ключи, Ащыбұлақ, Достық, Алмалы, Агропромышленник, Балықты және Шайқорған саяжайлары.

Естеріңізге салсақ, өткен жылы 3-бөлімшеге 630 жарық шамы орнатылып, тұрғын үй алабы толықтай жарықтандырылды. Бұдан бөлек, «Оңтүстік-Батыс» тұрғын үй алабындағы Еңбекші және Жетіген көшелеріне түнгі жарық тарту жұмыстары да қараша айында аяқталған еді.



Сонымен қатар, қала әкімі Ернат Бөзілдің тапсырмасына сәйкес қала аумағында түнгі жарыққа қосылмай қалған көшелерді жарықтандыру жұмыстары да кезеңкезеңімен жалғасатын болады.

## ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНА ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ




## ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖАЛҒАСАДЫ

**Бұл жөнінде қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мәлім етті. Сала мамандарының сөзінше биылғы жылы қала бойынша 70 шақырымнан аса жол ретке келтірілмек.**



Атап айтқанда, «Құлагер», «Бірлік» шағын ауданына, «Жастар-1» және «Солтүстік-Батыс» тұрғын үй алабына 53,9 км болатын жаңа жол құрылысы жүргізілмек. Осылайша, жаңа бой түзеп жатқан аудандарда 107 жаңа көше салынады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы 21,5 шақырым жол күрделі жөндеуден өтпек. Бұған қоса, жол жамылғысын ауыстыруды қамтитын орташа жөндеу 27,9 км ұзындығы 28 көшеде жоспарланған болса, ал 17450 м² жол ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Естеріңізге салсақ, қаланың ішкі көше жолдарын жөндеу жұмыстары сәуір айында басталатын болатын. Бұл жұмыстар ағымдағы жылдың тамыз айына дейін жалғасады.

Сондай-ақ, көлік ағымы көп аумаққа тағы 4 жаңа бағдаршам орнатылады. Атап айтқанда, Н.Назарбаев даңғылына дейінгі айналым (кольцо) жол яғни Балпық би – Сланов көшелерінің қиылысына және Алматы-Өскемен айналма жолы Желтоқсан – Рақышев көшелерінің қиылыстары «Мечта» сауда үйі.

*«Биылғы жылы жол жөндеу жұмыстарын өткен жылмен салыстырғанда ертерек бастауды жоспарлап отырмыз. Қала тұрғындарының өтініштерін де назарға алып, көшелердегі жол төсемін қалпына келтіру, шұңқырларды жөндеудеміз. Сондай-ақ, биылғы жылы, өткен жылмен салыстырғанда жаңа жол салу, күрделі жөндеу және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемін екі есе арттырдық. Жол бойынша қолға алып жатқан жобаларымыздың 2027 жылы толық аяқтамақпыз»,* - дейді қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ерлан Ниетбаев.

Айта кеткен жөн, биылғы жылы барлық смарт аялдамалар қалпына келтіріліп, қолданысқа берілмек.

## ШАҢҒЫ ЖАРЫСЫ

**Талдықорған ипподромында қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен шаңғы жарысынан ерлер, әйелдер және жасөспірімдер арасында қалалық ашық чемпионат өтті.**

Аталмыш жарысқа 150-ден астам кәсіби спортшылармен қатар қала тұрғындары да қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Шаңғы жарысында 14 жастан 63 жасқа дейін және 63 жастан жоғары қала тұрғындары белсенділік танытты.

Жарыс жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**(Материалдар Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі негізінде дайындалды).**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНА - 180 ЖЫЛ

# ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫР



**Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай осы күнгі Абай (Семей) облысындағы Шыңғыс тауы баурайында 1845 жылы туған.**

Абай ислам дінінің қағидаларын барынша құрметтейтін діни отбасында өсіп, тәрбие алды. Оның әкесі Құнанбай қажы тобықты руының өте ықпалды, орыс тілін жақсы білген биі болды.

Абай әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, сосын Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқып білім алады. Ол бала жасынан кітапқа құмар болды, араб-парсы және көне түркі әдебиетінің үлгілерімен танысты. Абай қазақтардың дәстүрлі әдет-ғұрып заңы мен ислам дінінің қағидаларын терең меңгерді.

Онымен білім жарыстырудан молдалардың өздері қауіптенетін. Абай халық ауыз әдебиетінің үлгілерін өте жақсы білді. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде-ақ өзінің алғашқы өлеңдерін жаза бастады.

Абай орыс тілін тамаша меңгерді. Мұның өзі оның орыс ақыны М. Лермонтовтың бірқатар өлеңін қазақ тіліне аударуына мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Абай М.Ю. Лермонтовтың «Шайтан» («Демон»), «Дұға» («Молитва»), «Қанжар», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Жалау» («Жалғыз жалау жалтылдап»), «Теректің сыйы» («Асау Терек долданып, буырқанып») сияқты өлеңдерін аударды. Абай А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» дастанының үзінділерін қазақы ұғымда жатық етіп еркін аударды. Абайдың Татьяна хатының сөзіне шығарған «Татьянаның қырдағы әні» қалың елдің сүйікті әніне айналды.

Абай И.А. Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударумен де айналысты. Қазақтар ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті жетекшісі Ә. Бөкейханов өзінің қырғыз даласындағы әртүрлі уездерде болған кезінде ондағы ақындардың Пушкин мен Лермонтовтың Абай аударған өлеңдерін жақсы білетініне, оларды домбырада әнге қосып айтатынына көз жеткізіп қайтқанын жазады. Орыс тілінен Абай аударған шығармалар қазақ әдебиетін байыта түсті. Абай орыстың ұлы ақындарының 50-ден астам өлеңін қазақ тіліне аударды.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гётелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде және басқа елдерде ескерткіштер орнатылған.

### Бірінші қара сөзі

**Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.**

### Екінші қара сөзі

**Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «еңенді урайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе – шаршап, жаяу жүрсе – демін алады, ноғай дегенше,ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, башалшік ноғай» деп. Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп.**

### Үшінші қара сөзі

**Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.**

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВКЕ – 100 ЖЫЛ

# АҚҚУЛАРДЫ САЗЫМЕНЕН БИЛЕТКЕН

**Сазгер, композитор Нұрғиса Тілендиев 1925 жылы 1 сәуірде Алматы облысында өмірге келген. 500-ден астам музыкалық төл туындының авторы ән, күй, романс, увертюра, поэма, контата, опера мен балет те жазған.**

Атақты сазгер Нұрғиса Тілендиев домбыраны бес жасында әкесінен үйренген. Кішкентай баланың музыкалық білім алуына қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор Ахмет Жұбанов себепкер болған.

Тілендиевтің ауылына пойызбен барған Ахмет Жұбанов там үстінде домбыра тартып отырған баланы байқап қалған. Кейін ғалым баланың анасына оны музыкаға баулу керегін айтқан. Нұрғиса Тілендиев ұстазы Ахмет Жұбановпен жолығып, музыка мектебінде, кейін консерваторияда білім алады.

Нұрғиса Тілендиев тек музыкамен әуестенбеген. Ол домбырамен қатар бокс қолғабын да жанына серік еткен. Алайда, ұстазы Ахмет Жұбанов: «Не бокс, не музыка!»- деп шарт қойған көрінеді. Консерваторияда білім алып жүрген кезде Нұрғиса күй саңлағы Дина Нұрпейісовадан тәлім алып, бірнеше күйді үйренген.

Сазгер Нұрғиса Тілендиев шабыты келгенде күн мен түнге қарамастан ән жазатын. Кейіннен сазгер ақын Тұманбай Молдағалиев пен Қадыр Мырза Әліге хабарласып, әуенге мәтін жазып беруін сұрайтын болған.



«Дариға, домбырамды берші маған» деп жырлағанда композитор мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевпен бірге отырып талай әндерді жазған. Күні бүгінге дейін көптің аузынан түспейтін «Есіңе мені алғайсың», «Саржайлау», «Кел, еркем, Алатауыңа», «Мен сендерді іздеймін» сынды бірнеше әндер жарық көрген.

Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйі кеңінен таралған. Домбыраны сөйлеткен шебердің туындысы атақты «Қыз Жібек» фильмінде де аққуларды билетіп жібергені айтылады. Фильмде қос ғашықтың бейнесін әдемі аққулармен бейнелеген. Алайда құстар бірге айдында жүзудің орнына екі жаққа кете берген. Осы кезде фильм режиссері Сұлтан Қожықов пен сазгер Нұрғиса Тілендиев ақылдасып, «Аққу» күйін ойнатқан. Күйді естігенде қос аққу бастарын түйістіріп, бірге билей жөнелген.

Нұрғиса Тілендиев Ұлы Отан соғысына аттанған. 1945 жылдың 9 мамырына дейін сазгер Курск шайқасынан бастап Берлинді алғанға дейін соғыста болып, бірнеше рет жараланған. Соғыс біткеннен кейін Нұрғиса Тілендиев «Ерлігі үшін!», «Берлинді алғаны үшін!» және «Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін» медальдерімен марапатталған.

РУХАНИЯТ

# АҚТАУ - ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ

**Түрікменстанның Ашхабад қаласында халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымына мүше елдердің мәдениет министрлері кеңесінің 41-отырысы өтіп, жиында «Анау – түркі әлемінің мәдени астанасы - 2024» іс-шарасы салтанатты түрде жабылды. Аталған көшпелі міндетті ТҮРКСОЙ ұйымы шешімімен Түрікменстанның Анау қаласынан Ақтау қаласы қабылдап алды.**

«Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» мерейлі жылы аясында 2025 жылдың наурыз айынан бастап Ақтау қаласында аталған іс-шараның салтанатты ашылуы болады. Мақсаты түркітілдес ұлттар арасындағы бауырластық қарым-қатынас пен достықты, ортақ мәдениет пен өнерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Ақтау қаласы - Түркі әлемінің 2025 жылғы мәдени астанасы ретінде белгіленді. Бір жыл бойы Ақтау қаласы төрткүл дүниенің ерекше назарында болады. Бұл туралы ОКҚ өткен баспасөз конференциясында Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай баяндады.

Өңірде түркітілдес ұлттар арасындағы бауырластық байланыстар мен достықты, түркілік мәдениет пен өнерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, оны әлемге таныту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылмақ.

Мәселен, Ақтауда классикалық және халық музыкасының концерттері, фотокартина көрмелері, театр труппаларының, музыкалық және би ұжымдарының, сондай-ақ түркі әлемінің басқа да өнер өкілдерінің фестивальдері жоспарлануда.

Мәдени жыл наурыз айында TURKSOY ұйымына қатысушы елдердің мәдениет министрлері кеңесінің отырысымен және түркі елдері жұлдыздарының гала-концертімен ашылады.



(Ғаламтор желісінен)

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

ЖАСТАР САЯСАТЫ

# ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА – ҚОҒАМҒА ҚҰРМЕТ

**Қазіргі қоғамда балалар мен жасөспірімдер арасындағы есірткі мен құмар ойындарға әуестік мәселесі өзекті болып тұр. Бұл зиянды әдеттер жасөспірімдердің денсаулығына ғана емес, олардың өмірлік құндылықтары мен болашағына да кері әсер етеді. Сондықтан қоғам алдында балаларды қорғап, салауатты мәдениетті қалыптастыру міндеті тұр. Бұл бағытта ел көлемінде кешенді шаралар да ұйымдастырылуда, олар білім беруден бастап, заңнамалық деңгейдегі өзгерістерге дейінгі түрлі аспектілерді қамтиды.**




Осы орайда Талдықорған қаласы прокуратурасының бастамасымен, қала әкімдігі және білім бөлімінің ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтарға, нашақорлық, алаяқтық, кәмелеттік жасқа толмағандардың суициді және лудоманияға қарсы профилактикалық жұмыстар жүргізу, алдын алу мақсатында «Құқықтық сана - қоғамға құрмет» атты бейнеролик байқауының марапаттау рәсімі өтті. Байқау қорытындысына сәйкес I-орынды М.Ломоносов атындағы №5 орта мектеп-лицейі, II-орынды Б.Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейі, III-орынды Ш.Уәлиханов атындағы №10 орта мектеп-гимназиясы иеленді.

Салтанатты шараға қатысқан Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков марапат иелерін құттықтады. «Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтырудағы нақты бағыттарына тоқталып өткен болатын. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал екенін тілге тиек етті. «Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Біз жастарды жаһанданудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз»-деп өскелең ұрпақты түрлі ойындарға құмар болудан сақтандыру қажеттігін айтқан болатын. Қауіпті үрдіспен күресу үшін жүйелі және шұғыл шаралар қабылдануы керек. Отанды сүю әуелі отбасынан басталады. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге ден қоюы тиіс. Одан әрмен баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіруде мектептің, ұстаздың ықпалы зор»-деп игілікті шарада белсенділік танытқан барша ұстаздар мен оқушылар қауымына алғысын білдірді. Заң мен тәртіп – мемлекеттің ең басты қағидаты. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету барлық мемлекеттік органның, ең алдымен, құқық қорғау құрылымдарының міндеті болып табылады.

Иманас Қорабаев, қалалық прокуратураның бөлім бастығы: *«Аталмыш іс-шара қаламыздағы барлық мектептің 9-11 сынып оқушыларын қамтыды. Оқушылар өздері құқық бұзушылық көрінісі бар барлық дерлік саланы қамтып, бейнеролик түсірді. Тақырыпты ашу мақсатында жан-жақты ізденіп, себеп-салдарын мейлінше түсініп, жағымсыз әдет, жат қылықтың соңы жақсылыққа әкелмейтінін білді. Байқауды ұйымдастырудағы біздің түпкі мақсат-міндетіміз де осы еді. Мұнымен шектеліп қалмай, алдағы уақытта өзге форматта да жалғастыруды көздейміз»*-деді.

Айта кетейік, өткен жылы Оқу-ағарту және денсаулық сақтау министрліктерінің бастамасымен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп» жобасын іске асырды. Жасөспірімдерді нашақорлық, вейпинг, лудомания сияқты жағымсыз құбылыстардан қорғау үшін Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп балаларды теріс әдеттерден қорғау және олардың денсаулығын дамыту жөніндегі бірнеше жол карталары мен іс-қимыл жоспарларын жүзеге асырды. Министрлік өкілдерінің хабарлауынша биология, дүниетану, жаратылыстану және дене шынықтыру пәндерінің мазмұнына темекі шегу мен есірткінің зияны туралы тақырыптар енгізілді.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

БАЙҚАУ

# ЖУРНАЛИСТИКА – ЖАС ТІЛШІ КӨЗІМЕН

**Жетісу облысы білім басқармасы «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығы жасөспірімдер арасында Бейсен Құранбек атындағы облыстық шығармашылық байқауын ұйымдастырды.**



Байқаудың мақсаты – мектеп оқушыларының арасынан шығармашылық, интеллектуалдық қабілеті бар, сөз мәдениеті дамыған, журналист, тележүргізуші, публицист және жазушы болғысы келетін дарынды оқушыларды анықтау және қолдау.

Міндеті – Бейсен Құранбектің журналистика саласындағы еңбектерін жас ұрпақтың санасына сіңіру, азаматтық ұстанымды қалыптастырудағы телебағдарламалары мен шығармашылық еңбектерін дәріптеу және жасөспірімдер арасында насихаттау.

Жарыс «Журналистика – жас тілші көзімен» тақырыбында өткізілді. Байқауға облыс бойынша 78 оқушы қатысты.

Байқау III кезең бойынша өтті:

- I кезең - Үй тапсырмасы (Бейнеролик сюжет түсіру);
- II кезең - "Жас қаламгер" эссе жазу;
- III кезең - блиц-турнир (Бейсен Құранбектің өмірі, шығармашылығы және жалпы журналистика саласына қатысты сұрақтарға жауап беру).

Байқау нәтижесінде 35 оқушы жүлделі орынға ие болды. I орынға Кербұлақ ауданы Күреңбел қазақ орта мектебінің 9-сынып оқушысы Ақнұр Сәрсен, Кербұлақ ауданы Ж.Жапаров атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Кәусар Ержан, Талдықорған қаласы № 21 орта мектептің 11-сынып оқушысы Аяулым Жапархан лайық деп табылды. Ал II орын - 11; III орын – 21, бейнеролик-сюжет бойынша «Креативті көзқарасы мен шығармашылығы үшін» 6 оқушы, «Эссе жазу» туры бойынша 6 оқушы «Ой тереңдігімен ерекшеленгені үшін» номинацияларымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Белсенді қатысқан 36 оқушыға Алғыс хат табысталды.

# ТАЛАПТЫ ОҚУШЫЛАР

**Талдықорған қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде өткен «OILAU» пәндік олимпиадасына Сайын Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп оқушылары командаға топтасып қатысты. Осы білім сайысында оқушылар жоғары нәтижеге қол жеткізіп, I жүлделі орын тұғырынан көрінді.**




6 д сынып оқушысы Бексұлтан Тазабеков – математика пәнінен, Осман Мақан – орыс тілі пәнінен, ал 6 а сынып оқушысы Темірлан Саятов – жаратылыстанудан, Бексұлтан Бекболатұлы – ағылшын тілі пәнінен, 6 в сынып оқушы Аманқызы Аружан – қазақ тілі пәнінен қатысты.

Талантты да білімді оқушылар көбейе берсін!

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП




# АБАЙЛА, БАЛАҚАЙ!

**Б. Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінде «Заң және тәртіп» айлығы аясында көптеген шаралар ұйымдастырылуда. Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор М.Сарсебаев пен директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Қ.Куанышбаев 5-11 сынып аралығында әр сыныпқа кіріп, оқушыларға бала мен жасөспірімдердің міндеттері туралы, буллинг-кибербуллинг жасамауға, нашақорлық пен лудоманияға бармауға шақырып, алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.**

Біртұтас тәрбие жоспарына сай, «Заң және тәртіп» айлығы аясында аталған мектепте жолда жүру ережесі бойынша 2025 жылдың 13-17 қаңтар күндері аралығында барлық сыныптарда «Абайлаңыз, балақай!» атты қауіпсіздік апталығы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың жолда жүру ережесі, жол белгілерінің түрлері жайында білімдерін толықтыру және жолда жүру ережесін дұрыс сақтауға, орындауға баулу. Мопед, скутер, самокат қауіпсіздігін сақтау. Қысқы уақыттағы қауіпсіздік ережелерін сақтау. Оқушыларды көшеде дұрыс жүруге үндейтін шаралар өтті.

УНИВЕРСИАДА – 2025

# ШОРТ-ТРЕКШІЛЕР ЕЛ ҚОРЖЫНЫНА МЕДАЛЬ САЛДЫ

**Шорт-тректен Қазақстан құрамасы Италияда өтіп жатқан (Турин) Универсиадада аралас эстафета бойынша қола медаль алды,– деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ.**

Шорт-тректен Қазақстан командасы 2000 метрге сырғанаудан аралас эстафетада қола жүлдегеге қол жеткізді. Отандық спортшылар 2 минут 44.815 секундта мәреге жетті. Осылайша ұлттық құрама үшінші орынға тұрақтады. Қазақстан намысын шорт-трекшілер атынан Алина Әжғалиева, Малика Ермек, Яна Хан, Валерий Клименко, Динмухамедалдияр Тәжібай қорғады. Аралас эстафетада алтын медальді Оңтүстік Корея спортшылары иеленді. Ал күміс жүлде Қытай шорт-трекшілерінің еншісіне бұйырды. Қазіргі таңда Универсиадада Қазақстан 13 жүлде алып үлгерді (3 алтын, 4 күміс және 6 қола). Италияның Турин қаласында өтіп жатқан жарыстар 26 қаңтарға дейін созылады.

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

ЕЛ ҚОРҒАНЫ



# РЕЗЕРВТЕГІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНАДЫ

**Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне резервтегі қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы екінші оқылымда қаралып, қабылданды.**

*– Резервтегі қызмет мәселелері бойынша заң жобасын әзірлеу әскерге жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттілігіне байланысты туындаған. Заңнамалық актілерге енгізу үшін әзірленген түзетулер әскери бөлімдерді дайындалған кадрлармен толықтыруға және жауынгерлік іс-қимылдарға дайын резервтік күштер құруға мүмкіндік береді. Әскери қызметтің бұл түрін енгізу бейбіт уақытта Қарулы Күштердің санын көбейтпей, қойылған міндеттерді орындауға дайын азаматтардың белгілі бір мөлшерін дайындауға мүмкіндік береді,* – деді Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи.

Заң жобасын қарау барысында Парламент Мәжілісінің депутаттары 100-ге жуық түзету енгізді, оның ішінде 6 кодекс пен 14 заң қамтылды.

*– Құжаттың негізгі новеллалары: әскери қызметтің жаңа түрін енгізу – «резервтегі әскери қызмет» және әскери қызметшінің жаңа санаты – «резервте әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметші», басқа сөзбен айтқанда, «резервтегі әскери адам» ретінде саналады. Депутаттар резервтегі әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптарды, олардың әскери қызмет өткеру тәртібін, олардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін нормаларды пысықтады. Осы нормаларды ретке келтіру, сондай-ақ «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заң мәтінінің жазылу қисыны мақсатында, депутаттар әскерге шақыру бойынша және келісімшарт бойынша әскери қызметке ұқсас резервтегі әскери қызметті өткеру ерекшеліктерін көздейтін нормаларды жеке тарау ретінде жүйеледік,* – деді Е. Бапи.

Депутаттар осы заң жобасын қарау шеңберінде енгізген түзетулердің келесі блогы – ол әскери резервшілердің еңбек қатынастары мен әлеуметтік қамсыздандырылуына қатысты түзетулер. Атап айтқанда, түрлі ақшалай төлемдерге (әскери қызмет өткеру кезінде алған жарақаттары үшін өтемақы төлемдері, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және т. б.), заттай және азық-түлікпен қамтамасыз етуге, әскери резервистке медициналық қызмет көрсетуге, жұмыс істейтін әскери резервистің еңбек қатынастарына қатысты нормалар ұсынылды. Сонымен қатар, әскери резервшілердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырылуына аударымдар мен жарналарды реттейтін нормалар енгізді.

*– Мұнымен қоса, депутаттар әскери құқық бұзушылық субъектісі ретінде резервтегі әскери адамның қылмыстық жауаптылығына қатысты түзетулерді пысықтады. Одан басқа, Шекара қызметі мен Ұлттық ұланның қызметін реттейтін заңнамаға осы күш құрылымдарының резервінде әскери қызмет өткеруге мүмкіндік беретін толықтырулар бар. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылдың 16 қыркүйектегі № 353 Жарлығын іске асыру мақсатында, жекелеген мемлекеттік органдардың кейбір қызметін қайтадан құру үшін, заң жобасының атауы өзгергені туралы атап өткен жөн. Енді заң жобасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне резервтегі әскери қызмет және орталық мемлекеттік органдардың кейбір қызметін қайтадан бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аталады,* – деді депутат.

Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар заңды қабылдап, оны Парламент Сенатының қарауына жолдады.

**Қазақпарат.kz**



АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!

# СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНДА ӨТКІЗГЕН ӘР КҮНІМ ЕСІМДЕ

**Ақпан айының 2-ші жұлдызында Талдықорған қаласының тұрғыны Абдірахпан (Әбітай) Рақышұлы 91 жасқа толғалы отыр. Ол – 1934-ші жылы қазақ халқының басынан өткерген нәубет кезеңде Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, онбірінші ауыл – Ворошилов атындағы колхозда дүниеге келген.**

Қазақтың тарихындағы қилы заманды санадан оңай өшіре алмайсың. Қарияның балалық шағы екі миллионға жуық адамның өмірін жалмап, халықты ашаршылықтан әбден тұралатқан уақытқа сай келіпті. Оны кейіпкеріміз тебірене отырып, еске алады. «Үлкендердің айтуынша, 1932, 1933, 1934 жылдары өте қиын болыпты. Ашаршылықтан,аурудан халық қатты күйзелген. Мен 7 жасқа толғанда «Герман басқыншылары Совет жеріне кірді» деген суық хабарды естіген ауыл азаматтары соғысқа аттанды. Колхоздың барлық жұмысы әйелдер мен балаларға қалды. Шешемізге бекітіп берген өгізге мініп жер жыртып, сабақ басталғанша көмектесетінбіз. Тапқан еңбекақыларының жартысын, тоқыған қолғап, шұлықтарын соғысқа жасаған көмегіміз деп ауыл советіне жазғызып беріп отырды. Колхоздың барлық жұмысына балалар белсене араласып, жұмыс жасап жүрдік. 1954 жылы 10-шы класты бітіртпей Армия қатарына алындым. Бұл күн декабрьдің 4-і болатын. Қар қалың жауған.Таңертең Қапалдан 20 бала сап түзеп жаяу жүріп, Қызылағашқа келіп қондық. Ертеңгісін Алажидеден поезға отырып, Үштөбенің военкоматына орналастық. Бірақ, басқа жақтан шақырылған балаларды тосып үш күндей сонда жатып қалдық. Үш күннен соң жиналған балаларды әскери бөлімнен келген офицерлерге өткізіп берді. Түсте шыққан поезымыз келесі күні кешкісін Жаңа Семейге жетті. Осы жерден түсіп, кешкі тамақ ішкеннен кейін палатка жабылған көлікке отырғызып, түнгі сағат 3-те әскери бөлімге алып келді. Тамақ ішіп шыққаннан соң моншаға түсіп, форма киіп, нағыз солдат болдық. Бір ай карантинде ұстады. Карантиннің мерзімі аяқталған соң сапқа тұрғызып, әр ротаға бөлді. Рота командирлері қабылдап алып, әскери қызметіміздің мән-жайымен таныстырды. Мен бірінші ротаға түстім. Біздің ротаның істейтін жұмыстары салынып жатқан обьектілерді, қоймаларды, бетон заводын, құрылыс материалдарын күзету. Басқа роталар аэродромның алаңын тегістеу, үстіне салатын арматураларын байлап, төсеумен айналысты. Оған үш рота бөлінген. Екі рота бетон заводында арматура байлап, 50х50 көлемінде үш бұрыш етіп төсейді. Төселіп болған соң бетон құяды. Бір күнгі байланған арматура – 24 ДТ тракторының салмағына тең екен. Шетінен «сен тұр, мен атайын» деген мықты жігіттер. Шаршап, шалдықпай өздеріне берген тапсырманы мүлтіксіз орындауға бар күшін салады. Сынақ полигонында күн аралатып жарған бомбаның саңырауқұлаққа ұқсас түтінін көреміз. Бұл жарылыстар кішігірім жарылыстар екен. Бір күні полк штабының туын күзетіп тұрғам, самолеттің даусы естілді. Кезекші офицер жүгіріп далаға шықты да лента байланған пакет ұстап қайта кірді. Күзеттегі кезегімді ауыстырып, солдаттармен түскі тамаққа барғанмын. Кезекші офицер келіп, бәрімізге ертеңгісін сағат 12-де қатты жарылыс болады деп ескертіп кетті. Келесі күні сағат 11-де роталарды саппен әскери бөлімнен бір шақырым сыртқа апарып, ашық далаға жатқызды. Мен саптың артқы жағындамын рота командирі «Қозғалмай жатыңдар!»– деп команда берді. Жер бауырлап жата кеттік. Бір мезетте қолтығымның астынан артыма сығаласам жауыннан кейінгі кемпірқосақтың шеңберіндей қып-қызыл от аспанға көтеріліп барады. Біткен жеріміз осы екен деп дыбыс шығармадым. «Тұрыңдар!» деген командa болғанда қорқа-қорқа түрегелдік. Көрген отым жоқ. Бұл жарылыс маусым айында болды. Келесі бір айдан кейін екінші жарылысты күннің ашығында жарды. Жарылыс кезінде күннің жарығындай үш есе жарық сәулені көрдік. Түсі сап-сары. Осылайша сол әскери бөлімнен, бір ротадан ешқайда ауыспай, үш жыл Отан алдындағы әскери борышымды өтеп, 1957 жылы желтоқсан айында ауылыма аман-есен оралып келдім»,- дейді ақсақал. Семейдің сынақ алаңынан сағы сынбай туған жеріне оралған жас жігіт алғашқы еңбек жолын колхозда ағаш шебері болып бастады. Жүрегі қалаған бойжеткенмен 1958 жылы отбасын құрып, дүниеге балалары келді. 6 перзентін тәрбиелеп, оқытып әрқайсысына таңдаған мамандықтарын игеріп, дипломдарын алуға барынша көмегін берді. Ұлы мен екі қызы бүгінде зейнеткерлікке шыққан. Өздері де ата-әже атанып, ұрпақ тәрбиелеуде. Абдірахпан ата 1968 жылы партия қатарына өтіп, колхозда қойма меңгерушісі, кейін колхоздың ішкі шаруашылығының басшысы етіп сайланады. 1967 жылы колхоз басқармасы, кәсіподақ ұйымы «Еңбек ардагері» медалімен марапаттады. Ұлы Отан соғысының 75 жылдық медалімен, «Тыл ардагері» медалімен және «Семей полигонының ардагері», т.б медальдармен марапатталған. Семей ядролық сынақ полигоны ұйымының, қала әкімінің Алғыс хаттарын иеленді. «Міне осы өткізген өміріме дән ризамын. Ұрпақтарымның,ел жұртымның, тілек білдірген туыс бауырларымның арқасында 90 жасқа келіп, дербес пенсиямды алып,жемісін жеп отырмын. Сынақ полигонында әскери міндетін өтеген азаматтардың еңбегін бағалап, 2023 жылы қыркүйек күні Ардагерлер паркінен ескерткіш ашылды.Оған атсалысқан барлық азаматтарға алғысым шексіз»,- дейді ақсақал. Абдірахпан ата 2018 жылдан бері Семей ядролық сынақ полигоны ұйымының мүшесі. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруден еш жалыққан емес.

**Гүлжанат НҰРШАНОВА.**

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

# ТЕХНИКА ТІЛІН МЕҢГЕРГЕН

**Қарапайым адамдардың таңның атысы, күннің батысы қол күшін қажет ететін зауыттарда,шахталарда, басқа да салаларда бастарын қатерге тігіп еңбек етіп жатқанын білеміз. Алысқа бармай-ақ, маңайымызға көз салсақ, қаламыздың тынымсыз тыныс-тіршілігінде құрылысшылар үй салып жатса, коммуналдық сала қызметкерлері көшенің қарын тазалап, автокөлік, автобус жүргізушілер жолаушыларды діттеген жеріне тасымалдаумен әлек.**

Көгілдір отын, электр қуаты, жылумен қамтуда қаншама азаматтар тер төгіп, күндіз-түні өздеріне тапсырылған міндеттерді бұлжытпай орындап келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы Жарлығымен 2025 жыл Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жарияланғаны белгілі. Бұл әрине, түрлі салада еңбек етіп жатқан мыңдаған отандастарымызға деген зор құрмет. Жерлесіміз, Талдықорған қаласының тұрғыны Марат Нүркежанов та «Көркейту» ЖШС 20 жылдан астам уақыт кран автокөлігін жүргізумен айналысады. Жалпы, осы мамандықты игергеніне 30 жылдан асты.

**Марат НҮРКЕЖАНОВ, кран жүргізуші:**

*– Техникаға әуестігім балалық шағымнан басталған. Тракторларды,әсіресе К-700 маркалы ауыр техникаларды көргенде,оның жүргізушісі маған батырлардай әсер қалдыратын.Мектепті тәмамдаған соң,бірден жұмысшы болып ауылдың тірлігіне араласып кеттім. 1989-шы жылы кәсіптік білім беретін оқу орнына түсіп, «крановщик» мамандығын игеріп шықтым. 2003-ші жылы «Көркейту» коммуналдық қызмет көрсету мекемесіне кран жүргізуші болып жұмысқа қабылдандым. Содан бері де 20 жылдан астам уақыт өтіпті. Біздің серіктестік қаланың тазалығына, көркеюіне үлкен еңбек сіңіріп жатыр деп айта аламын. Әріптестерім көшенің тазалығын сақтау үшін таң қараңғысынан тұрып, қыс болса қарын тазалайды, жаз болса автокөлік, жаяу жүргіншілер жолын тазалап, ағаш көшеттерін отырғызып, тал-теректерді суарып бір тынбайды. Еңбекті сүйген адам үшін мамандықтың бәрі жақсы. Алақанды аспанға жаймай, екі қолға бір күрек ұстасаң да елге еңбек сіңіруден асқан бақыт жоқ шығар.*



**Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

# ЖЕҢІЛ АҚША ТАБУҒА ҚҰНЫҚПА

**ІІМ киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті алаяқтық схемаларға қатысу әрекеттері үшін жауапкершілік барын ескертеді, - деп хабарлайды Polisia.kz.**



*«Жеңіл әрі жылдам ақша табуға үміттеніп, кейбір азаматтар қылмыстық және азаматтық жауапкершіліктің барын білместіктен, алаяқтарға көмектесіп, «дропперлерге» айналып жатады. 2024 жылы 1200-ден астам «дропперге» қатысты сот үкімі шықты. Олардың банк карталары арқылы алаяқтардың шоттарына аударылған 1,3 миллиард теңге өндірілді»,* – деді ІІМ киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы Жандос Сүйінбай.

Бұдан басқа, қылмыстық схемаларға қатысқан 56 адам интернет-алаяқтық жасауға көмектескені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Ішкі істер министрлігі азаматтарды сақ болуға, оңай ақша табу туралы ұсыныстарға сенбеуге, күдікті әрекеттер туралы дереу полицияға хабарлауға шақырады.

# ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

**Жыл басында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол текстестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойғаны мәлім. Аталмыш Заң есірткі өндіру мен өткізуді ұйымдастырушыларға жауапкершілікті, сондай-ақ, есірткі өндірісі үшін ғана емес, осы қылмыстық әрекет үшін лауазымды адамдардың да жауапкершілігін едәуір қатаңдатты.**

Енді бұл қылмысқа қатысы бар тұлғаларды мүлкін тәркілеп, 15 жылдан 20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру мүмкін. Сонымен қатар Заңда есірткіні жасырын орналастырушылардың жазасы аздап жұмсартылды. Мәселен, алғаш рет мұндай қылмыс жасағаны үшін қылмысын ауырлататын мән-жайлар болмаса, мүлкін тәркілеп, 5 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген. Жаза есірткіні жасырын орналастырушылардың көбі жасөспірімдер мен жастар болғандықтан жұмсартылды. Олардың есірткіні өздері дайындамайтыны, көбіне есірткінің заңсыз айналымын ұйымдастырушылардың қылмыстық тұзағына түсетіндігі ескерілді. Бұдан бөлек, Заңда есірткі текстестер, психотроптық заттар, сондай-ақ прекурсорлар мен күшті әсер ететін заттарды қолдану ережелері бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленген. Есірткіге қарсы күрес және қабылданған жаңа шаралар жөнінде Жетісу облысы Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы басшысының орынбасары Эмиль Шарменев Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында мәлімдеді. «Енгізілген өзгерістер қылмыстық жауапкершіліктің бұдан да әділетті жүйесін құруға, сондай-ақ қоғамды есірткінің заңсыз айналымы салдарынан қорғау бойынша шараларды күшейтуге мүмкіндік береді деп пайымдаймыз»- деп атап өтті спикер.

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

# ӘУЕЖАЙЛАРДА ШЕКАРА БАҚЫЛАУЫНАН ӨТУ ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ



**Көлік министрлігі әуежайларда шекаралық бақылаудан өту рәсімін жолаушылар үшін жайлырақ ететін бұйрық жобасын жариялады, - деп хабарлайды Tengritravel.kz тілшісі.**

► Жылына 1 миллионнан астам жолаушыны қабылдайтын әуежайларда паспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің болуы қажет (әуежай операторының міндеті).

Тиісті бұйрық жобасы ел әуежайларында паспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

**Құжатқа сәйкес, шекаралық бақылаудан өтудің қарапайымдылығы мен жылдамдығын қамтамасыз ету үшін:**

► Жолаушылардың ұшу/қону процедуралан өту уақытын реттейтін және Шекара қызметімен келісілген әуежай стандарты болуы қажет;

► Процедураларды өту талаптары туралы жолаушыларға қолжетімді ақпарат болуы қажет;

► Паспорттық бақылауда жолаушыларға қызмет көрсету жылдамдығының Шекара қызметімен келісілген стандарттары және олардың орындалуын бақылау болуы қажет;

**Сонымен қатар, құжатқа сәйкес, шекаралық бақылау қызметі персоналының сыпайылығы мен сәлемдесуі төмендегілерді қамтамасыз етуі тиіс:**

► Жолаушылар ағынына байланысты және өткізу аймағының өткізу қабілетін жедел арттыру мүмкіндігіне қарай шекаралық бақылау қызметі персоналының тәуліктік жұмыс кестесінің болуы және оның әуежаймен келісіліп бекітілуі;

► Қызмет персоналының сыртқы келбетіне қойылатын талаптардың стандартының болуы және оның орындалуын бақылау.

Жоба «Ашық НҚА» порталында орналастырылған және 31 қаңтарға дейін көпшілік талқылауына ашық.

# ЗАҢНАМА НЕГІЗДЕРІ ТҮСІНДІРІЛДІ



**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызмет көрсетумен айналысатын немесе дербес деректерге қол жеткізе алатын «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының КЕАҚ қызметкерлері мемлекеттік қызметшілерге теңестірілді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасын орындау үшін қоғамда «Заң мен Тәртіп» идеологиясын, оның ішінде КЕАҚ қызметкерлері мен көрсетілетін қызметті алушылар арасында бекіту ұсынылды.**

Осыған байланысты, ағымдағы жылдың 13 қаңтарында департаменттің превенция басқармасы басшысының орынбасары Б.Өмірбеков Жетісу облысы бойынша КЕАҚ қалалық филиалының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мәселелері бойынша семинар өткізді.

Семинар барысында мемлекеттік функцияларды орындаумен үйлеспейтін қызметпен айналысуға тыйым салу туралы тыңдаушылардың назары аударылды. Яғни, жаңа мәртебеде КЕАҚ қызметкерлері коммерциялық ұйымның қызметіне қатысуға, егер ол олардың лауазымдық міндеттерін орындауына кедергі келтірсе, қызметтік мүлікті пайдалануға әкеп соқтырса немесе мүдделер қақтығысын тудырса, кәсіпкерлік немесе өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға құқылы емес.

Сондай-ақ, жақын туыстарының бірлескен қызметін тікелей бағыныста жүзеге асыруға тыйым салынады.

Қорытындыда қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы бейнероликтер көрсетіліп, Агенттіктің 1424 колл-орталығының жұмысы түсіндірілді. Бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық үшін басшылардың жауапкершілігі, парасаттылық пен адалдық қағидаттарын сақтау туралы ескерту жасалды.

# ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

**Жақында Департаменттің аса маңызды істер жөніндегі офицері Г. Валиева Талдықорған қаласының №2, №8 және №12 орта мектептердің жоғары сынып оқушылары мен оқытушылары арасында «Заң және тәртіп» тақырыбында семинар өткізді.**

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, біз заң мен тәртіпке, білім мен прагматизмге негізделген қоғам құруға тиіспіз. Ұлт табысының кепілі-азаматтардың, әсіресе жастардың мәдениеттілігі, ынтымақтастығы мен жасампаздығы.

Осыған байланысты, осы іс-шарада жастар арасында алдын алу шаралары мен адамгершілік сенімдерін қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Себебі, қоғамда өскелең ұрпақты парасаттылыққа, адал азамат болуына септесуіміз керек.

Семинар жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді бастамаларды ынталандыруға, сондай-ақ заң мен тәртіпті сақтауға бағытталған.

Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру-сыбайлас жемқорлық көлеңкесінен бос болашаққа ұзақ мерзімді инвестиция. Білім беру, интерактивті әдістер, ашық пікірталастар және белсенді қатысу адал қоғам құруға дайын саналы және жауапты азаматтар үшін негіз жасайды.

Оқушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жеке қатысу мүмкіндіктеріне қатысты сұрақтар қойып, ағартушылық және волонтерлік бағдарламаларға қатысуға дайын екендіктерін білдіріп, елімізде іске асырылып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа қызығушылық танытты.

Кездесу соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы бейнероликтер көрсетілді. Сондай-ақ, Агенттіктің 1424 нөмірі бойынша колл-орталығының жұмысы түсіндірілді, ол азаматтарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тегін консультациялық қолдау көрсетеді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды қабылдайды.

**ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті**

# МОПЕДТЕРДІ ТІРКЕУ: НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ

**2025 жылдың 5 сәуірінен бастап мопедтер ресми түрде механикалық көліктерге теңестіріледі.**



**Оларды пайдалану үшін:**

► полицияда тіркелу;

► А1, А немесе В санатындағы жүргізуші куәлігі;

► техникалық тексеру;

► азаматтық жауапкершілікті сақтандырдан өту қажет болады.

**Тіркелу үшін тұрғылықты жері бойынша арнайы ХҚКО-ға келесі құжаттармен жүгіну қажет:**

► жеке куәлік (электронды түрде болуы мүмкін);

► мопедтің техникалық құжаты немесе сипаттамалары.

Кейін өтінішті толтырып, мопедті тексерістен өткізіп, қажетті мемлекеттік баждарды төлеу керек.

**ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми сайты**

# ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

**Талдықорған қаласы әкімдігінің, полицияның, санитарлық-эпидемиологиялық және кірістер басқармаларының қызметкерлері бірлесіп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кездесу өткізді.**

Атап айтқанда мұнда қалалық жағажайда квадрациклдер мен тюбингтерді жалға беріп, үй жағдайында дайындалған тағамдарды сату бойынша қызмет көрсететін азаматтарға кәсіпкерлік қызметті заң аясында жүргізу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар таратылды. Қала тұрғындары мен балалардың демалыс кезінде қауіпсіздік ережелері мен санитарлық талаптарды сақтап, арнайы белгіленген орындарда өткізу қажеттігі ескертілді.

**Өз тілшіміз**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

## Талдықорған қаласының Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАМА

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V ҚРЗ Заңының 9-бабының 7-тармағына сәйкес Талдықорған қаласының қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы Талдықорған қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөнінде конкурс өткізу туралы хабарлайды.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, сондай-ақ жергілікті деңгейде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде тұрақты тұратын азаматы жұмыс тобы мен Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттың:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болмауға;

2) сот занда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танымаған болуға;

3) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауға тиіс.

Талдықорған қаласы Қоғамдық кеңесінің сандық құрамы – 18 мүше, оның ішінде мемлекеттік органнан – 6 мүше, коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардан – 12 мүше.

Қоғамдық кеңес мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы **хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде (27.01.2025 - 07.02.2025)** конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері қолма-қол немесе электрондық мекенжайға **(tald.gor.maslihat@mail.ru)** келесі құжаттарды ұсынады:

